

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 850 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат; 2005 ж., N 17-18, 73-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

9) тармақша "біртектес" деген сөзден кейін "маңызды" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) ерекше нысандағы туынды түрдегі нормативтік құқықтық акт - осы Заңда көзделген туынды түрдегі актілерге жатпайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде қабылдануы көзделген туынды нормативтік құқықтық акт;"

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) актілердің едәуір саны - жаңа нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты күші жойылды деп тануға, өзгертуге немесе толықтыруға жататын үш немесе одан да көп акт. " ;

2) 3-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңнамада ерекше нысандағы нормативтік құқықтық актінің туынды түрін бекіту көзделуі мүмкін. " ;

3) 3 - 1 - б а п т а :

"біртектес" деген сөзден кейін "маңызды" деген сөзбен толықтырылсын:

16) тармақшадағы "іс жүргізу" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы

17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) денсаулық сақтау саласы";

4) 4-баптың 3-тармағында "қайшы келмеуге тиіс" деген сөздер "сәйкес келуге тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-баптың 2-тармағында "Күшіне енген" деген сөздер "Қолданысқа енгізілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төмен тұрған актілердің нормаларында жоғары тұрған актілерге сәйкессіздік болған кезде неғұрлым жоғары деңгейдегі актінің нормалары қолданылады.";

7) 1 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Республикалық немесе жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюын немесе түсімдерінің қысқаруын көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қаржы-экономикалық есептеулер қоса беріледі.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертулері оның құзыретіндегі мәселелерге тікелей қатысты болуға, негізді және толық болуға, жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.";

8) 1 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде абзацтарды дефиспен немесе өзге де белгілермен белгілеуге, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және олардың астын сызуға жол берілмейді.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құқықтық нормалар нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлігіне қосылмайды.";

9-тармақтың екінші бөлігі "бұрын енгізілген" деген сөздерден кейін ", біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 18-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.";

1 0) 2 7 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бір ғана нормативтік құқықтық актіге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар бір тармақпен немесе тармақшамен көзделеді. Күші жойылды деп танылатын актілер тізбесіндегі сияқты өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін актілердің тізбесіндегі барлық актілер хронологиялық тәртіппен олардың шыққан (

қабылданған) күні бойынша, сондай-ақ олардың заң күшінің арақатынасына қарай орналастырылады." ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер нормативтік құқықтық актімен бұрын қабылданған актілердің күші жойылды деп тану көзделген басқа нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің толығымен күші жойылды деп танылған жағдайда, соңғысы өзінің қолданысын қайта жаңғыртпайды." ;

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ осы Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес одан өтпеген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылуға тиіс.";

11) 28 - бапта :

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық актіні жаңа редакцияда ресімдеу кезінде оның құрылымдық бөлігі мәтінінің көлемін анықтау бірлігі сөз болып табылады.";

5 - тармақта :

"мәтінінің мазмұнына" деген сөздер "мәтініне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мазмұнының" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық актіні жаңа редакцияда ресімдеу кезінде көлемді анықтау бірлігі оның құрылымдық бөлігі болып табылады.";

12) 29-баптың 1-тармағының б) тармақшасы "басшысы" деген сөзден кейін "не мұндай орган басшысының міндетін атқарушы адам" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 30-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

"Жаршысы және" деген сөздер "Жаршысы," деген сөзбен ауыстырылсын;

"актілер жинағы" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдары мен олардың ведомстволарының актілер жинағы" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 33-баптың 1-тармағында "мерзімді баспа басылымдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдары мен олардың ведомстволарының актілер жинағында, сондай-ақ басқа да мерзімді баспа басылымдарында ресми" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 36-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Барлық нормативтік құқықтық актілерде осы баптың нормалары ескеріле отырып, оларды қолданысқа енгізу күні көрсетілуге тиіс.";

16) 38 - бапта :

тақырыбының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

1 - тармақта :

бірінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу қажеттілігін әділет органдары а й қ ы н д а й д ы . " ;

2-тармақтың 5) тармақшасы "тәртіпті" деген сөзден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ресімдеу мен келісуді" деген сөздермен толықтырылсын ;

17) 39-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, актіні шығарған орган олардың күші жойылды деп тануы мүмкін." ;

1 8) 4 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "Әділет министрлігі" деген сөздер "әділет органдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлікте "Әділет министрлігіне" деген сөздер "әділет органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастан қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 13) және 14) тармақшаларын қоспағанда, алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті